

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Дәуіт – шопан бала



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Өте ертеде, Израил патшасы Саулдың заманында
Дәуіт атты бала өзінің жеті ағасына әкесінің
отарларын бағуға көмектесіп жүрді. Дәуіт ең кенжесі
болғанына қарамастан, Құдайды сүйетін және Оған
сенім артатын күшті де батыл бала болды. Ол

Бетлехемде
тұрды.



Бірде арыстан кішкентай қозыны кешкі ас ету үшін отарға тарпа бас салды. Жас Дәуіт оған қарсы

шабуылға шықты. Қозыны бір жаққа жұлып алып, ол ырылдаған хайуанды жалынан шап беріп ұстап, оны өлтіріп тастады. Дәуіт өзіне Құдайдың көмектескенін білді.



3

Самуил, Құдайдың пайғамбары, Саул патшаның Құдайды ұятқа қалдырғанына әлі де қайғырып жүрген Өйткені Мен Өзіме патшаны соның

ұлдарының арасынан қарастырып қойдым». Есей Дәуіттің әкесі болатын еді. «Сен Саулды қаншалықты ұзақ жоқтамақсың?» Құдай Самуилді сөгіп тастады. «Мен сені Есейге жіберем...



4

Саул патшаның өзін басқа патшаны іздеуге аттанып кеткенін білсе, өлтіруі мүмкін екенін білсе де, Самуил пайғамбар Құдайға бағынды.



5

Самуил келген кезде, Есей өзінің жеті ұлын оның алдынан өтуге мәжбүр етті. Самуил Есейге: «Жаратқан Ие оларды таңдаған жоқ», – деді. Кенжесі Дәуіт қана қалды. Ол қойларды жайып жүрген. Олар Дәуітті алып келді. Сонда Жаратқан Ие: «Тұр, оны майла, бұл – соның өзі», – деді.



6

Саулдың сарайында Жаратқан Иенің Рухы Саулды тастап кетті, содан ол өте мазасыз адамға айналды.

Оның қызметшілері жақсы әуен Саулды тыныштандыруы мүмкін деп ойлаған. Олардың біреуі арфада өте жақсы ойнайтын бір жас жігітті білегін. Сол жас жігіттің кім екенін аңғарып отырсыз ба? Иә, ол – Дәуіт.



7

Дәуіттің күйі Саулды тыныштандырып, оған салауатты ойлауға көмектесті. Саул Есейден Дәуітке патшалық қызметке қалуына рұқсат беруін сұрады. Саулда күйзеліс немесе қорқыныш ұстамасы ұстап қалған кезде, Дәуіт оған арнап арфада ойнайтын. Бұл оған көмектесетін.



8

Дәуіт үйіне қайтып кеткен кезде, Саул філістірлермен үлкен шайқасқа кірді. Дәуіттің ағалары Саулдың жасағында шайқасқа қатысты. Есей Дәуітті ағаларына тамақ апарып, қал-жағдайларын біліпқайту үшін жіберді.




9

АЛЫП філістірлік дәу Голият израилдік жасақшылардың бәрін қорқытумен болды.



10


«Өз араларыңнан бір еркекті тандап алыңдар, ол маған қарай төмен түссін, –деп айғайлады Голият. – Егер ол менімен шайқасуға батылы барып мені өлтірсе, онда біз сендердің қызметшілерің боламыз. Ал егер мен оны өлтірсем, онда сендер бізге құл болып қызмет етесіңдер».



Дәуді көргенде, израилдіктер одан қашып үрейлене қорқатын.

11


Сонда Дәуіт Саулға: «Осының кесірінен ешкімнің де жүрегі селт етпесін, сіздің қызметшіңіз барып, осы філістірмен жекпе-жек шайқасады», –деді. Саул Дәуіттің сауытты киіп, семсер алып шыққанын қалаған. Оның орнына Дәуіт сақпан мен бес жұмыр тас тандап алды.



12

Голият жап-жас Дәуіттің үстінде сауытты да жоқ екенін көріп қарқылдап күлді. «Мен сенің етіңді көктегі құстар мен жабайы аңдарға жем етіп берем!» –деді ол күркіреп.

«Ал мен саған Жаратқан Иенің атымен келе жатырмын! –деп жауап берді Дәуіт. –Бұл күні Жаратқан Ие сені менің қолыма береді... өйткені бұл соғыс –Жаратқан Иенікі!»




13

Мұнан соң Дәуіт Голиятқа қарсы жүгірді. Жүгіріп бара жатып, ол сақпаннан бір тасты атып жіберді –тура Голияттың маңдайына қарай. Голият сұлап түсті!



14


Дәуіт Голияттың орасан зор семсерін суырып алып, оның басын шауып тастады. Філістірлер Голияттың өлгенін көрген кезде, өздерінің өмірлерін құтқару үшін тым-тырақай қашты.



15

Бұл өзін арфамен тыныштандырған дәл сол Дәуіт екені Саул патшаның есінде жоқ еді. Ол Дәуітті өзінің жасағының басшысы етіп қойды, ал сосын

халық Дәуіттің жеңісін құрметтеген кезде қызғана бастады. «Енді онда патшалықтан басқа не болуы мүмкін?» Саул ойланды. Сонымен сол күннен бастап Саул Дәуітке қадала қарайтын болды.



16

Саул патшаның ақыл-санасы тағы да мазасызданды. Сондықтан оны тыныштандыруға тырысып Дәуіт күй ойнай бастаған. Саул үш рет сүңгісін Дәуітке лақтырып қалды. Бірақ Дәуіт әр жолы жалтарып үлгерді.

Саул Дәуіттен қорқа бастады, өйткені Жаратқан Иенің онымен бірге екенін, ал өзінен кері шегініп кеткенін білді.



17

Бірақ Жонатан, Саулдың ұлы, Дәуітті інісіндей жақсы көрді. «Менің әкем Саул сені өлтіргісі келеді», –деп ол Дәуітке ескертті. Содан Дәуіт қашып кетті. Оның әйелі оның төсегіне қуыршақты жатқызып, ал Дәуітті түн ортасында терезеден түсіріп жіберді. Саулдың адамдары таңертең келген кезде, Дәуіт әлдеқашан жоқ болатын.



18

Дәуітке Саулдан аулақ қашуға тура келді. Ол солай етпес бұрын олар Жонатан екеуі өзара келісім жасады. Олар бір-біріне әрдайым көмектесіп тұратынын айтып уәделесті. Өкінішке орай екі дос қош айтысты. Дәуіт өзін Саулдың жасақшылары тауып алады деп қауіптенбей өмір сүре алатын жер іздеуге аттанды.



19

Дәуіт – шопан бала

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

1 Патшалық 16-20

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

20



Соңы

19

60

21

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

22